

Қ.Қ.Сейтенов¹, Г.С.Рысжанова², Б.А.Жакупов³

¹Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана;

²Е.А.Бөкетов Қарағанды мемлекеттік университеті;

³ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
(E-mail: G.S.Ryszhanova@mail.ru)

Жаңа институт: тергеу судьясы және оның өкілеттіктері

Мақалада қылмыстық процестегі жаңа институт тергеу судьясының ұғымы және мәні, қылмыстық істердегі сот төрелігі жалпы жүйесіндегі субъектілері арасындағы орны қарастырылған. Қылмыстық іс жүргізудегі тергеу судьясы институтының мазмұнына және жүйедегі іс жүргізуге соттық бақылауды нығайтуға байланысты сұрақтар зерттелген. Авторлар, ең бастысы, тергеу судьясының өкілеттігіне, яғни санкция беру және айғақтарды сақтауға, баса назар аударған. Тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбестен жеке-дара қарайды.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Қылмыстық-процессуалдық кодексі, тергеу судьясы, тергеу судьясының өкілеттіктері, санкция, соттық бақылау.

Ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыздың «Дұрыс әрекет мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады» деген даналық сөзі Елбасының тағылымды таңдауға толы әрбір ісінен айқын көрініс тапқанын өмірдің өзі дәлелдеп беруде. Елімізді ұлы жетістіктерге жетелеп келе жатқан Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы қай тұрғыдан айтсақ та, жарасады. Президент мемлекет басына ел мен ұлт мүддесін көздің қарашығындай сақтап қалуда, халық шаруашылығын қақыратып алмауда өте қиын мәселелер қат-қабат шиеленіскен аса жауапты кезде келді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Судьялардың кезекті VI съезіне 2013 жылы 20 қарашада қатысып, өзінің көкейге түйген ойларын және сот төрелігін одан әрі жетілдіру туралы келелі ұсыныстарын білдірді. «Біз «Қазақстан – 2050» Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуы керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан», — деп айтқан сөзі соттарға тың күш берді. Сонымен қатар: «Судьялардың V съезінен бері өткен төрт жылда Қазақстанның сот жүйесі «соттардың тәуелсіздігі» өлшемі жөнінен Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингіндегі өз көрсеткішін бірден 23 орынға күрт жақсартты», — деп атап өткен еді. Заңдардың сақталуы, азаматтық сот төрелігі, қылмыстық сот төрелігі және басқа да көрсеткіштер бойынша да Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерден алда келеді. Мәселен, мұны World Justice Project Халықаралық үкіметтік емес ұйымы ұсынған 2014 жылғы Заңның үстемдік құру индексінен көруге болады. Бұл рейтингіде Қазақстан 71-ші орынды иеленген [1].

Еліміздегі Судьялар қауымдастығы, Елбасының әр жылдардағы съезд қорытындысында берген тапсырмаларына сәйкес, жалпы сот жүйесін дамытуға белсене атсалысып келеді.

Сот жүйесінің қызмет ету сапасы, ең алдымен, білікті де тәжірибелі судьялар корпусын кадрлық қамтамасыз етуге тікелей байланысты болып отыр. Жалпы, құқық мамандары арасында «Судья — заңгерлердің ең таңдаулысы» деген ұғым бар. Бұл ұғым олардың шынайы, адал еңбектеріне, кәсіби біліктілігіне, шеберлік деңгейлеріне берілген баға деп санаймыз. Аудандық соттардың судьялары еліміздегі сот істерінің тоқсан сегіз пайызын атқарады. Яғни, бұл — бейнеті көп қиын істерді қарауда, сондай-ақ салмағы басым жүктемелерге мойымай қызмет көрсетудің ең төзімді үлгісі.

Біз Қазақстан қоғамына етене жақын сот төрелігін қалыптастыру тұжырымдамасына сүйенеміз. Даулардың бейбіт жолмен реттелуіне көмектесуге бағытталған жұмыстары — судьялар қызметінің бір саласы деу керек. Әлем елдерінде дауларды баламалы түрде шешу рәсімдерінің белсенді қолданылғаны бізге де үлгі, әрі оның тиімді тұстарын алғанымыз жөн.

Біздің халқымыз — қашанда әділ билікті, шынайы заңды ардақ тұтқан, ақиқатын айтып, ақ жүруді қалаған өте турашыл ұлт. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміздің әр азаматы өз көкейінде сақтап жүруі үшін айтқан: «Егер де өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам,

онда ертең құқығым табанға тапталған кезде менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды» деп ойлауы керек» деген сөзінің мәні өте терең, өте тағылымды [1].

Президенттің «Қазақстан жолы» атты кітабында: «...соттық-құқықтық жүйенің тиімділігін қамтамасыз ету экономикалық проблемаларды шешуден бірден-бір кем соқпайтын міндет еді», — деп атап көрсетілген. Елімізде әлеуметтік жағдайдың жақсарып, экономиканың тұрақтануы, ең алдымен, Елбасының құқық қорғау, соның ішінде сот саласындағы реформаларды жүргізудегі сарабал саясатының арқасында жүзеге асқаны баршамызға аян. Құқықтық саланы реформалау жұмыстары елеулі қиындықтар туғызғаны белгілі. Өйткені кеңестік жүйенің бірнеше жылдар бойы ой-санаға сіңіріп кеткен психологиялық ахуалын бұзу оңайға түспеді. Дегенмен, Елбасының жаңашыл ой-мақсаттары құқық қорғау органдары мен заңгерлердің көңіліне бірте-бірте сенім ұялатты. Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіз сот жүйесін құру, құқық саласының тиімділігін арттыру, оларды заңдық тұрғыдан бекітіп алу, ел ішіндегі сотқа деген жаңаша көзқарасты қалыптастыру, сол арқылы соттардың беделін көтеру — қыруар күш-жігерді, еселі еңбекті қажет еткен өрелі істер еді.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге шығатын жол сілтейді» деген сөзінде терең мән-мағына бар. Елімізді экономикалық тұрғыда дамытуда, сот саласын реформалауға ерекше мән беруінің арқасында көптеген жетістікке қол жеткіздік. Атап айтқанда, қазіргі экономикалық, банктік, әлеуметтік, тағы басқа салалардағы қол жеткен табысымыз, уақтылы өткізілген құқықтық реформа болмаса, осындай деңгейге көтерілуі мүмкін емес еді.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қылмыстық процесін жүргізу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі қазір қолданыста. Қылмыстық кодекс адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтитын, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын белгілейтін конституциялық құжат. Яғни адамның дүниеге келгенінен бастап, өмір бойы бірге жасайтын құндылық. Сондықтан бұл құжаттың халық арасында талқылануының, құқықтық түсіндірілуінің маңызы зор. Кодекстің тағы бір жаңалығы — Тергеу судьясы институтының енгізілуінде.

Сотқа дейінгі қылмыстық процесінде тергеу судьясы институтының қылмыстық істер қарау өндірісі бойынша құқық субъектілі ұғымы объективті тұрғыда қалыптасты. Ол өз кезегінде бірінші инстанцияның судьясы бола отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы Конституциялық заңның және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінің нормаларының аясында қорғауда болады [2].

Тергеу судьясы — сотқа дейінгі іс жүргізу барысында осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыратын бірінші сатыдағы сот судьясы болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процесінің міндеттері болып табылады.

Тергеу судьясының өкілеттіктері:

1. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясы Қылмыстық-процессуалдық кодексінде көзделген жағдайларда мынадай:

- күзетпен ұстауды санкциялау;
- ұйқамақты санкциялау;
- лауазымынан уақытша шеттетуді санкциялау;
- жақындауға тыйым салуды санкциялау;
- экстрадициялық қамақты санкциялау;
- күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту;
- кепілді қолдану;
- мүлікке тыйым салуды санкциялау;
- күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру;

• бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру;

- мәйітті эксгумациялау;
- күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда тергеу судьясы:

• анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

• тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы елеулі материалдық шығындарды қажет ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы мәселені қарайды;

• сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қояды;

• адвокаттар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі іс жүргізуде процестік міндеттерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолданады;

• прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды;

• сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосып тігу туралы мәселені қарайды;

• қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, сараптама тағайындау туралы мәселені қарайды;

• қылмыстық процесті жүргізетін органға айғақ беруі үшін келуін қамтамасыз ету қиындық тудыратын, бұрын өздері жауап алған куәні, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өтінішхаты бойынша, мәжбүрлеп әкелу туралы мәселені қарайды;

- осы Кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

3. Тергеу судьясының Қаулысына осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Тергеу судьясының өкілеттіктерін жүзеге асырудың жалпы шарттары:

1. Тергеу судьясы өз өкілеттіктерін осы Кодекстің осы бабының қағидаларына және тиісті баптарында көзделген ерекшеліктерге сәйкес жүзеге асырады.

2. Тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайды.

Егер заңды және негізделген шешім шығару үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы етеді.

Осы Кодекстің 55-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында, екінші бөлігінің 1), 2) және 6) тармақтарында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде сот отырысын өткізуге міндетті. Сот отырысын өткізу міндетті болған жағдайда, қорғаушы тарап пен прокурорға сот отырысының уақыты мен орны туралы күні бұрын хабарланады.

Сот отырысы тергеу судьясының өкімі бойынша бейнебайланыс режимінде жүргізілуі мүмкін. Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі.

3. Тергеу судьясы:

• сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпаратты талап етуге;

- тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге;

• процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпаратты алуға құқылы.

4. Тергеу судьясы осы Кодекске сәйкес істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес.

5. Күдікті өзіне азаптау және басқа да заңсыз әрекеттер қолданылғаны туралы арызданған немесе онда күш қолданудың іздері болған кезде тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға көрсетілген фактілерді дереу тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға міндетті.

6. Адамның құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін заңсыз шектеу немесе өзге де бұзу фактілері анықталған кезде тергеу судьясы заң бұзушылыққа жол берген тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін жекеше қаулы шығарады [3].

Жоғарғы Сот судьясы Төлебай Қожан: «Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал, кінәсіз адам заңсыз айып тағылған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс», — дейді.

Жаңа институттың маңызы неде?

Тергеу судьясы — бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жатады. Тергеу судьясын (судьяларын) сот төрағасы судьялардың қатарынан тағайындайды. Тергеу судьясын алмастыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін. Тергеу судьясы лауазымына судьялардың ішінен тәжірибесі мол, кәсіби деңгейі жоғары тұлғалар тағайындалуда. Азаматтар үмітінің ақталуы тек судьялардың қызметіне байланысты. Бүгінде соттардың әлеуметтік және құқықтық жағдайы толығымен жақсартылды. Сондықтан қоғам соттан сапалы жұмысты, кәсібіне адалдықты, пара алмаушылықты және турашылдықты талап етеді. Судья антына берік болуға, заңды бұлжытпай орындауға, судья мәртебесін сақтауға, адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, заңға сәйкес шешім қабылдауға міндетті. Бұл ретте тергеу судьясы лауазымына өмірлік және кәсіби тәжірибесі мол, пайым-парасаты жоғары, дүниетанымы кең, ары таза адамдардың іріктелуі маңызды. Тергеу судьясы сот билігінің тәуелсіздігі мен беделін нығайтуға, оны құрметтеуге, өз кәсібінің қадірін арттыруға ұдайы әрекет жасап отыруға тиіс лауазымды тұлға және жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық кодекстің тиімді жұмыс жасап, сот төрелігінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады деген ойдамыз. Тергеу судьясының өкілеттіктері 55-бапта көзделген. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясы күзетпен ұстауды, ұйқамақты, лауазымынан уақытша шеттетуді, жақын дауға тыйым салуды, экстрадициялық қамақты, күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзартуды, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялауды жүзеге асырады. Сондай-ақ күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру, мәйітті эксгумациялау, күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды. Қамауда ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптамаларды жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру туралы, қабірдегі мәйітті қазып алу, мүлікке тыйым салу, халықаралық іздеу туралы, кәмілетке толмаған тұлғаны арнайы мекемеге орналастыру, уақытша қызметтен шеттету және жақындауға тыйым салу туралы қолдау хаттарды қарайды. Сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңінде, соның ішінде қинау туралы тараптардың шағымдарын және өтініштерін қарау жатқызылды. Адвокат тергеу судьясына айғақтарды сақтауға беру туралы, тиісті заң көмегін көрсету және лауазымды тұлғалар сұрауды орындаудан бас тартқан жағдайда қорғалушының мүдделерін қорғау үшін қажетті мәліметтерді, құжаттарды, заттарды талап ету хаттамасымен өтініш білдіре алады. Қорғау тарапының қылмыстық істен кез келген мәліметті алуға, соның ішінде техникалық құралдарды пайдаланып, көшірмесін түсіріп алу құқығы (мемлекеттік құпиялары бар мәліметтерді қоспағанда), қорғалушының қатысуымен іс жүргізу әрекеттерінің өту уақыты мен орны туралы күні бұрын хабар алу, қорғалушы адамға бұлтартпау шарасын қолдану және тергеуге байланысты басқа да мәселелер бойынша барлық жиналған материалдармен танысуға, құжаттардан өзіне қажетті мәліметтерден үзінді алу немесе көшірмесін түсіру құқығы көзделген. Тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қояды. Прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды. Сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша

(мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда), қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосып тігуге тергеу судьясы құқылы. Қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса, не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, сараптама тағайындау туралы мәселені бекітеді. Қылмыстық процесті жүргізетін органға айғақ беруі үшін келуін қамтамасыз ету қиындық тудыратын, бұрын өздері жауап алған куәні, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өтінішхаты бойынша, мәжбүрлеп әкелу туралы мәселені шешеді. Кодекстің 56-бабы тергеу судьясының өкілеттіктерін жүзеге асырудың жалпы шарттарын белгілейді. Тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізделген шешім шығару үшін маңызы бар мәнжайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізуге құқылы. Сот отырысын өткізу міндетті болған жағдайда, қорғаушы тарап пен прокурорға сот отырысының уақыты мен орны туралы күні бұрын хабарланады. Сот отырысы тергеу судьясының өкімі бойынша бейнебайланыс режимінде жүргізілуі мүмкін. Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі. Мұндай жағдайда тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпаратты талап етуге, тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге, процеске қатысушыларды сот отырысына шақыртуға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпаратты алуға құқылы. Бірақ тергеу судьясы кодекске сәйкес, істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, тергеп тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес. Күдікті өзіне азаптау және басқа да заңсыз әрекеттер қолданылғаны туралы арызданған немесе онда күш қолданудың іздері болған кезде тергеу судьясы қадағалаушы прокурорға көрсетілген фактілерді дереу тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға міндетті. Кодекс адвокаттардың құқықтық мәртебесін арттырады. Қылмыстық-процессуалдық кодексте тергеу судьясының өкілеттілігіне адвокаттардың талап ету құқығын қанағаттандыру нормасы берілуі адвокаттардың қызметін айқындап отыр.

Қазақстан Адвокаттар одағының президенті Әнуар Түгелдің айтуынша, бұрын адвокаттардың сұратқан қажетті құжаттарын көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес құзырлы органдар он күннің ішінде бермек түгілі, жауапсыз қалдыратын. Енді тергеу судьясы адвокаттардың сұратқан құжаттарына құзырлы органдардың үш күннің ішінде жауап беруін қарастырып отыр. Адвокаттар ала алмаған құжаттар, керекті мәліметтер сот арқылы сұратылатын болады. Адвокат тергеу судьясы алдында куәнің және жәбірленушінің айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат беруге, тергеу судьясы алдында айғақ беру үшін келуін қамтамасыз ету қиындық туғызатын куәні қылмыстық процесті жүргізетін органға мәжбүрлеп әкелу туралы өтінішхат беруге құқылы. Адамның құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін заңсыз шектеу немесе өзге де бұзу фактілері анықталған кезде тергеу судьясы заң бұзушылыққа жол берген тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін жекеше қаулы шығарады. Қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізіледі. Іске қатысатын адамдар өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында кәметке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша, жәбірленушінің, куәнің немесе іске қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі, мүдделері талап ететін жағдайларда, соттың уәжді қаулысы бойынша жабық сот талқылауы өткізіледі. 95-бапта көзделгендей, судья, тергеу судьясы, алқаби, прокурор, тергеуші, анықтаушы, қорғаушы, сарапшы, маман, сот отырысының хатшысы, сот приставы, сол сияқты олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстары мемлекеттің қорғауында болады. Осы санамаланған адамдарға мемлекет сотта қылмыстық істерді немесе материалдарды қарауға, сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізуге байланысты олардың өміріне қолсұғушылыққа немесе өзге де күш қолдануға қарсы қауіпсіздік шараларын қолдануды заңда көзделген тәртіппен қамтамасыз етеді. Қаулыға шағым жасау шарттары Тергеу судьясының Қаулысына Қылмыстық-процессуалдық кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында күдікті, оның қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі тергеу судьясының күдіктіні күзетпен ұстау, экстрадициялық қамақ, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау немесе күзетпен ұстау, ұйқамақ мерзімін ұзарту туралы

шешімдеріне шағым жасауға құқылы. Сондай-ақ экстрадициялық қамаққа, кепілге санкция беруден бастарту немесе күзетпен ұстау, ұйқамақ мерзімін ұзартудан бастарту туралы, санкцияланған бұлтартпау шарасының күшін жою немесе күшін жоюдан бастарту туралы, мүлікке тыйым салу, эксгумациялау туралы, халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысына шағым жасауға құқық берілген. Сот-медициналық және (немесе) сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін адамды медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру не одан бастарту туралы, прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау жөніндегі қаулысына шағым жасауға, ал, прокурор наразылық білдіруге құқылы. Тергеу судьясының шығарған қаулысына ол жария етілген кезден бастап үш тәулік ішінде облыстық және оған теңестірілген сотқа шағым жасалуы, сондай-ақ прокурор наразылық білдіруі мүмкін. Дәлелді себеппен өткізіліп алынған мерзім мүдделі тұлғаның өтінішхаты бойынша қалпына келтірілуі мүмкін. Шағым жасауға, наразылық білдіруге арналған мерзім өткеннен кейін материалдар шағыммен, наразылықпен бірге облыстық немесе оған теңестірілген сотқа жіберіліп, бұл туралы арыз иесіне және әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасалған тұлғаға және прокурорға хабарланады. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешімі түпкілікті болып табылады. Облыстық немесе оған теңестірілген сот заңда көзделген қағидалар мен мерзімдерді сақтай отырып, шағым, наразылық сотқа келіп түскен кезден бастап үш тәуліктен кешіктірмей тергеу судьясы қаулысының заңдылығын және негізділігін тексеруді жүзеге асырады. Облыстық немесе оған теңестірілген сот судьясының шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулысы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді. Жабық сот отырысына прокурор және күдіктінің қорғаушысы қатысады. Отырысқа, сондай-ақ, күдікті, оның заңды өкілі, жәбірленуші, шағым жасалған шешімде құқықтары мен мүдделері қозғалатын басқа тұлғалар да қатыса алады. Шағымның, наразылықтың қаралатын уақыты туралы уақтылы хабарланған кезде олардың келмей қалуы соттың шағымды, наразылықты қарауына кедергі болмайды. Сот тараптардың дәлелдерін тыңдап, ұсынылған материалдарды қарап, аудандық немесе оған теңестірілген сот тергеу судьясының қаулысын өзгеріссіз қалдыру, тергеу судьясының қаулысын өзгерту немесе тергеу судьясы қаулысының күшін жою және жаңа қаулы шығару туралы уәжді қаулылардың бірін шығарады. Сот қаулысының көшірмесі сотқа дейінгі тергеп тексеру органына, сондай-ақ прокурорға, күдіктіге, қорғаушыға және адамды күзетпен ұстау орны әкімшілігінің өкіліне жіберіледі және дереу орындалуға жатады. Шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімге шағым жасау және оның заңдылығы мен негізділігін соттың тексеруі де Қылмыстық-процессуалдық кодекстің 92-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты шығарылған қаулысына сәйкес, кепіл енгізілген жағдайда, күзетпен ұстау орнының бастығы күдіктіге, айыпталушыға кепіл жөніндегі міндеттерді және оларды орындамаудың салдарын түсіндіруді жүзеге асырады. Сот тергеуінің аяқталуы 381-бапта нақтыланған. Төрағалық етуші дәлелдемелерді зерттеу аяқталғаннан кейін, тараптарға — олардың сот жарыссөзінде, ал соттың үкім шығару кезінде тек сот тергеуінде қаралған дәлелдемелерге ғана сілтеме жасауға құқылы екендігін түсіндіреді. Тараптардан олар сот тергеуін толықтыруды қалайтынын, қаламайтынын және немен толықтырғысы келетінін сұрайды. Сот тергеуін толықтыру туралы өтінішхаттар мәлімделген жағдайда, сот бұл өтінішхаттарды талқылайды және оларды шешеді. Өтінішхаттарды шешкеннен және қажетгі сот әрекеттерін орындағаннан кейін, сондай-ақ сот тергеуін толықтыру туралы өтінішхат қозғалмаған немесе сот оларды уәжді түрде қабылдамаған жағдайларда, төрағалық етуші сот тергеуін аяқталды деп жариялайды [4].

Көп судьялардың ішінен тергеу барысында, яғни, қылмыстық іс қозғалғаннан бастап сотқа түскенге дейінгі аралықта, сот бақылауын жүргізіп отыратын судья. Оған бүгінгі судьялардың ішінен тәжірибесі мол, кәсіби деңгейі жоғары, тергеу амалдарын жетік меңгерген мамандар тобы таңдалады. Яғни, «тергеу судьясы» тергеушінің, прокурордың және басқа да сотқа дейінгі жүргізілген тергеудегі азаматтардың әрекеттеріне арыз-шағым бере алады. Сотқа барғанда кейбіреулер өздерінің берген жауаптарынан бас тартып, кейбіруі тергеу барысында зорлық-зомбылық көрсетілгенін көлденең тартады. Жалпы, тергеу процесі дұрыс жүрмеді деген әр түрлі себептердің кесірінен істің қаралуы баяулай түседі. Осыларды мейілінше азайтып, сотқа барғанда істің таза болуын қамтамасыз ету мақсатында осы мәртебелі судья енгізіліп отыр. Тараптардың мүддесін шешіп беруге жұмыс істейтін бұл судья қылмыстық іс сотқа өткеннен кейін бақылауын жоймайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәми Қ.Ә. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы «Елбасы бастамалары — сот реформасының қайнар көзі» // Егемен Қазақстан. — 2014. — 18 маус.
- 2 Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части (извлечения). — Алматы: Жеті жарғы, 2015. — 352 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі: Тәжірибелік құралы. — Алматы: Норма-К, 2014. — 368 б.
- 4 Ахметжанова Т. Тергеу судьясының құзыры кең // Заң. — № 13. — 2015. — 28 қаңт.

К.К.Сейтенов, Г.С.Рысжанова, Б.А.Жакупов

Новый институт: следственный судья и его полномочия

Авторы исследуют вопросы понятия, значения новой фигуры в уголовном процессе — следственного судьи, рассматривают его место в общей системе субъектов правосудия по уголовным делам. В статье затрагиваются вопросы содержания уголовно-процессуального института следственного судьи в системе осуществления судебного контроля за досудебным производством. Особое внимание уделяется процедуре реализации таких полномочий следственного судьи, как дача санкции и проведение депонирования показаний. Следственный судья рассматривает вопросы, отнесенные к его компетенции, единолично, без проведения судебного заседания.

K.K.Seitenov, G.S.Ryszhanova, B.A.Zhakupov

New institution: investigating magistrate and his legal power

The author of the research article studies questions concerning the notion and role of the new figure in criminal procedure — the investigating magistrate, their place in the system of people of law. The article raises issues on the content of the criminal-procedural powers of the instructing judge in the exercise of judicial control over pre-trial proceedings. The focus lies on the procedure for the implementation of such powers as the magistrate's power to give sanctions and to accept evidence. The investigating judge examines the issues within its competence, alone without a judicial hearing.

References

- 1 Mami K.A. *Egemen Kazakhstan*, 2014, June, 18.
- 2 Kogamov M.Ch. *Comments on Penal Execution Code of the Republic of Kazakhstan, General and Special Parts (extracts)*, Almaty: Zheti zhargy, 2015, 352 p.
- 3 *Penal Execution Code of the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Norma-K, 2014, 368 p.
- 4 Akhmetzhanova T. *Zan*, 13, 2015. January, 28.